

Орындаған:Қадірбаев Шоқан

БУГІНГІ ТАҢДАҒЫ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ

Сайлау жүйесі

- ◎ **Сайлау жүйесі** ұғымы әдетте екі — тар және кең мағынада қолданылады. Кең мағынада сайлау жүйесі дегеніміз — Қазақстан Республикасындағы сайлауды өткізу мен ұйымдастыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар жүйесі. Оған сайлау комиссияларын құру мен олардың қызметі, сайлау округтерін, учаскелерін құру, сайлау алдындағы үгіт-насихат, сайлаудың қорытындыларын анықтау, т. б. жатады.

Тар мағынада сайлау жүйесі дегеніміз

- ◎ — сайлауға қатысқан кандидаттардың немесесаяси партиялардың жеңімпаздарын анықтау жүйесі. Бүгінгі таңда әлемде *мажоритарлық және пропорционалды сайлау жүйелері* кең тараған.



Сайлау жүйесі


```
graph TD; A[Сайлау жүйесі] --> B[Мажоритарлық сайлау жүйесі]; A --> C[Пропорционалды сайлау жүйесі];
```

Мажоритарлық сайлау жүйесі

Пропорционалды сайлау жүйесі

Мажоритарлық сайлау жүйесі

- Мажоритарлық жүйе (фр. *majorite* — басым көпшілік деген сөзінен шыққан) — сайлаушылардың басым көпшілігі дауысын берген кандидат сайланған болып саналатын сайлау жүйесі. Ол көптеген (АҚШ, Франция, Ұлыбритания, т.б.) елдердің президент, парламент депутаттарын сайлауда қолданылады.



Пропорционалды сайлау жүйесі

- Пропорционалды сайлау жүйесі дегеніміз — сайлауда ұсынған партиялық тізімге сәйкес саяси партия Парламентте депутаттың мандат сайын иеленетін сайлау жүйесі. Қазақстан Республикасында мажоритарлық және пропорционалды сайлау жүйелері қолданылады. Президент, Парламент депутаттарын сайлауда мажоритарлық сайлау жүйесі қолданылады.

★ Осыған сәйкес:

- дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (тандаушылардың) 50%-дан астам дауысын алған (мұндай жағдайда қайта дауыс беру өткізілмейді);
- қайта дауыс беру кезінде басқа кандидатқа қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың (таңдаушылардың) дауыс санының көпшілігін алған кандидат сайланған болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының сайлау органдары

- Еліміздегі сайлауды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыратын мемлекеттік органдар, сайлау комиссиялары болып табылады. Олардың біртұтас жүйесін мыналар құрайды:
- республикалық Орталық сайлау комиссиясы;
- аумақтық сайлау комиссиялары;
- округтік сайлау комиссиялары;
- учаскелік сайлау комиссиялары.

*Сайлау комиссиясының
өкілеттілік мерзімі — бес жыл.*

5

- ҚР-ның Орталық сайлау комиссиясы сайлау комиссиясының бірыңғай жүйесіне басшылық етеді. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелерін Республика Президентінің ұсынуы бойынша Парламент Мәжілісі қызметке сайлайды және қызметтен босатады. Орталық сайлау комиссиясы тұрақты жұмыс істейтін және еліміздің барлық аумағында сайлау туралы заңнамалардың орындалуына басшылық етуді жүзеге асыратын орган болып табылады. ОСК Президент және Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізуді ұйымдастырады, Парламент Сенаты депутаттарының сайлауын ұйымдастыру мен өткізуге басшылық жасайды, Президент және Парламент сайлауының еліміздегі қорытындыларын шығарады, сайланған Президентті және Парламент депутаттарын тіркейді, заңда көрсетілген басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

- Саяси партиялардың ұсынысы негізінде жергілікті мәслихаттар құратын, облыстық, аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары *аумақтық сайлау комиссиялары* деп аталады. Олар Президентті, Парламенттің және мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды әзірлеу мен өткізуді қамтамасыз етеді. Округтік сайлау комиссиялары саяси партиялардың ұсынысы негізінде жергілікті мәслихаттар сайлайтын орган, ол сайлау округтерінде Парламент Мәжілісінің және мәслихат депутаттарының сайлауын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді, сайлау округтерінде Мәжіліс депутаттары мен мәслихат депутаттары сайлауын өткізуді тікелей ұйымдастырады. Учаскелік сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастырып, үйлестіріп отырады, учаскелік сайлау комиссияларынан дауыс берудің нәтижелері туралы хаттамаларды алады, солардың негізінде округ бойынша сайлау нәтижелерін анықтайды, бұл туралы **БАҚ** хабар жариялайды.

- Участкелік сайлау комиссияларын аудандық мәслихаттар саяси партияларды ұсынысы негізінде сайлайды. Олар сайлау учаскелерінде Президент, Парламент Мәжілісінің, мәслихаттарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі шараларды жүргізеді (сайлау учаскелерінде сайлаушылардың тізімін анықтайды, сайлау күні сайлау учаскесінде дауыс беруді ұйымдастырады).

Сайлау комиссияларының құқықтары мен міндеттері

- Сайлау комиссияларының мүшелері мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері өз өкілеттіліктерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асырады. Сайлау комиссиясының басқа мүшелерін сайлау өткізу кезеңінде олардың келісімінсіз жұмыс берушінің ұйғарымы бойынша жұмыстан шығаруға немесе басқа жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді. Сайлау комиссиясының мүшесі сайлау комиссиясының отырысында сөз сөйлеуге, тиісті сайлау комиссиясының құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге, комиссия құжаттарымен танысуға құқылы. Заңда сайлау комиссиясы мүшелерінің міндеттері нақты көрсетілген

Олар:

- ◎ ҚР-ның Конституциясы мен заңнамаларын сақтау;
- ◎ жалпы жұрт таныған әдеп нормаларын сақтау;
- ◎ азаматтардың сайлау құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;
- ◎ шешімдер қабылдау кезінде әділ және тәуелсіз болу;
- ◎ кандидаттар мен партияның тізімі ұсынған саяси партиялардың қызметіне жария баға беруден аулақ болу;
- ◎ аталған комиссия орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тұруға міндетті.

Кезектен тыс сайлау

- Кезектен тыс сайлау өтетіні белгілі болған уақыттан бастап Орталық сайлау комиссиясы өзінің өкілеттігін жүзеге асыра отырып, мәслихат депутаттарының сайлауын тағайындады. Бұл шара да 15 қаңтарға белгіленді. Яғни келесі жылдың 15-ші қаңтарында елде бірден екі сайлау өтеді. Бұл қай жағынан алып қарағанда да мемлекет үшін тиімді шара. Өйткені сайлауды осындай жолмен ұйымдастыру арқылы айтарлықтай қаржы үнемдеуге болады. Әрине жоспарланып отырған екі сайлаудың өзіндік ерекшеліктері, талаптары бар




ҚР партиялары

- «Нұр Отан»
- Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы
- Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы
- «Ауыл»
- «Патриоттар партиясы»
- «Әділет»
- «Руханият»
- «Ақжол»



Шындық

- 1991 жылы 1 желтоқсанда өткен алғашқы жалпыхалықтық президент сайлауында Қазақ ССР-інің сол кездегі президенті Нұрсұлтан Назарбаев президент болып сайланып, алдағы бес жылға өкілеттік алды. Бірақ мәселе кімнің сайланғанында емес - арада 15 күн өткеннен кейін (1991 жылы 16 желтоқсанда) Қазақстанның егеменді және тәуелсіз мемлекетке айналғанында еді.



«НАЗАРБАЕВ ДӘСТҮРІ»

Міне, осы жайтқа келгенде кейбір саясаткерлер «жаңадан тәуелсіздік алған Қазақстанның билігі осыдан кейін қаншалықты заңды бола алады» деген сауалды көлденең тартады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекет басшысы да, парламент те қайта сайланған жоқ. Осы реттен келгенде бұрынғы Чехословакияда болған дәл осыған ұқсас жайттар еске түседі. Алайда Чехословакия бөлінер қарсаңда федеративтік республиканың іс жүзіндегі президенті Вацлав Гавел өз өкілеттігін тоқтатып, 1993 жылы мемлекет екіге жарылғаннан кейін Чехия Республикасының президенті болып қайта сайланды.

Президент сайлау жылдары

◎ 1991 • 1999 • 2005 • 2011 • 2015 • 2020

Қазақстанда ең алғашқы жалпыхалықтық президент сайлауы 1991 жылы 1 желтоқсанда өткені және президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл сайлауда 98,7 пайыз дауыс алғаны мәлім. Қазақстан президентінің ресми сайты akorda.kz осылай дейді.



Қазақстанда президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу немесе референдум жасау «дәстүрге» айналды. Бұл дәстүр бір адамның – Нұрсұлтан Назарбаевтың айнамас билігі жүрген кезеңде қалыптасқан «Назарбаев дәстүрі».

90-нан асырамыз бәрін қатырамыз

○ **Сайлау итогы-1999**

- Нурсултан Назарбаев 79,78%
- Серикболсын Абдильдин 11,7%
- Гани Касымов 4,61%
- Энгельс Габбасов 0,76%

○ **Сайлау итогы-2005**

- Нурсултан Назарбаев 91,15%
- Жармахан Туякбай 6,61%
- Алихан Байменов 1,61%
- Ерасыл Абылкасымов 0,34%
- Мэлс Елеусизов 0,28%

○ **Сайлау итогы-2011**

- Нурсултан Назарбаев 95,55%
- Гани Касымов 1,94%
- Жамбыл Ахметбеков 1,36%
- Мэлс Елеусизов 1,15%



- 1990 жылы Жоғарғы Советте сайланған Қазақ ССР-інің президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1991 жылы өткен сайлауда қайта сайланады. Бірақ Нұрсұлтан Назарбаев алғашқы бесжылдық мерзімінің үш жарым жылдан астамын ғана пайдаланды.

Президент Назарбаевтың келесі мерзімі 1996 жылдың желтоқсанында аяқталуы тиіс еді. Бірақ ол өз өкілеттігінің аяқталуына бір жыл сегіз ай қалғанда президенттік жоғары лауазымдағы қызметін тағы бес жылға ұзартады. Сайлау арқылы емес, референдум арқылы. Сөйтіп 2000 жылдың желтоқсанына дейінгі мерзімге қайта сайланады.



- Алайда, президент сайлауы 2000 жылдың желтоқсанында емес, 1999 жылдың қаңтарында болғаны мәлім. Тағы да мерзімінен бұрын. Яғни бұл - президент Нұрсұлтан Назарбаев өз өкілеттігін осымен үшінші рет жүзеге асырмады дегенді білдіретін еді. Соңғысы, тіпті, екі жылға жуық – бір жыл 11 ай.



Ендігі президент сайлауы, яғни мерзімінен бұрын өтетін үшінші президент сайлауы 2011 жылы 3 сәуірде өтті. Ал Конституцияда белгіленген уақыты 2012 жылдың желтоқсан айының алғашқы жексенбісі болатын. Сөйтіп президент сайлау туралы заң мен Конституцияда белгіленген мерзімнен бір жыл сегіз ай бұрын президент сайлауы өтті.

Парламент сайлау

жылдары

◎ 1994 • 1995 • 1999 • 2004 • 2007 • 2012 • 2016

Қазақстан бір жылға жуық, 1995 жылдың наурыз айынан 1996 жылдың қаңтарына дейін жоғары заң шығарушы билік тармағы – парламентсіз өмір сүрді.

Парламенттің орнын президент Назарбаевтың жалғыз өзі басты, осы аралықта ол заң күші, тіпті, конституциялық күші бар ондаған заң шығарып тастады.

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАРАТТЫ»

- Бұл жылдары Қазақстан парламентінің тағдыры да жеңіл бола қойған жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Жоғарғы Совет деп аталған парламент пен кейінгі қос палаталы парламент екі рет – 1995 жылы және 2007 жылы Қазақстан президентінің жарлығымен таратылды, сондай-ақ екі рет мерзімінен бұрын парламент сайлауы өткізілді. Оған 1993 жылы «өзін-өзі таратқанын» қосыңыз.



Айла немесе өтірік

- 2007 жылы маусымда парламент «өз өтініші бойынша» таратылды. Мәжілістің бір топ депутаты «президент Нұрсұлтан Назарбаев бастаған демократиялық реформаларға тежеу болмас үшін» мәжілісті тарату жөнінде үндеу жасады.

Қазақстан парламенті өзінің алдындағы 12-шақырылымдағы Жоғарғы Советтің «тәжірибесімен» «өзін-өзі саяси өлімге» қия алмады, өйткені Конституциялық кеңестің қаулысы бойынша мәжіліс қызметін конституциялық жолмен тоқтатудың жалғыз тәсілі - президент жарлығы болатын.

Енді Қазақстандағы биліктің легитимділігі, яғни заңдылығы мәселесіне оралайық. Бұл тұрғыдан келгенде оппозиция ардагері Серікболсын Әбділдин президент Нұрсұлтан Назарбаев билігінің легитимділігі туралы мәселе тәуелсіздік жылдары күн тәртібінен түскен емес деп санайды.

– Бұл күдік, – дейді ол, – сайлау өткен соң небәрі екі аптадан кейін-ақ пайда болды.

«ЖЕКЕ БАСЫНА ТАБЫНДЫРДЫ»

«Жоғары заң шығарушы билік тармағы – парламент жоқ кезде, 1995 жылдың наурызы мен 1995 жылдың қаңтары аралығында қабылданып, әлі күнге дейін қолданылып келе жатқан Конституция мен заңдар, дұрысы президенттің жарлықтарының барлығы да заңсыз болып саналады» дейді **Серікболсын Әбділдин**.



- – Яғни бүгін қандай да бір себептермен Назарбаев биліктен кете қалса, ертең-ақ оны жаппай айыптау басталады. Ал оның ертеңінде «Назарбаев конституцияға қайшы әрекеттермен билікті озбырлықпен тартып алды», «жеке басына табындырды», «Назарбаев өз билігінің басынан аяғына дейін Қазақстанның экономикалық және демократиялық дамуына кедергі жасап келді» деген шешім қабылданады.



Серікболсын Әбділдин бұл ой-пікірін: «Сталин биліктен кеткенде қандай жағдай болғаны белгілі, Назарбаев биліктен кеткенде де дәл сондай жағдай болады», – деп қорытындылады.



Сайлау әділеттілігі

- Сайлау еркіндігі кез келген азаматтың сайлауға қатысуға құқығы бар екендігін, сонымен қатар өзінің көзқарастарына қатыссыз адал да әділетті күресте сайлануға нақты мүмкіндіктерге иеленуі дегенді білдіреді. Сайлау әділеттілігінің өлшемдері: *бәсекелестік, мерзімділік, өкілеттілік және нәтижелілік* болып табылады:
- Бәсекелестік — сайлауға оппозициялардың, сонымен қатар бірнеше кандидаттың қатысу мүмкіндігі.
- Оппозиция дегеніміз — көпшіліктің немесе билік жүргізіп отырғандардың пікіріне мүлде қарсы пікірлі адамдардың тобы немесе партия.
- Сайлаудың мерзімділігі — белгілі бір уақыт өткеннен кейін сайлаудың қайта өткізілуі.
- Өкілеттілігі — мемлекеттік органдардың құрамына ұлттық, діни, нәсілдік белгілері әр түрлі халықтың азшылығының енгізілуі.
- Нәтижелілігі — сайлаудың нәтижесінде жеңіске жеткен адамдардың Конституцияға негізделген нақты билігін жүзеге асыра алу мүмкіндігі.

Әрбір дауыстың маңыздылығы мен рөлі

- Әрбір дауыстың маңыздылығы мен рөлі
- Сайлауда әркімнің даусы ерекше маңызды. Кез келген адам өзінің бүгінгі күнгі нақты өмірі арқылы болашаққа ықпал етеді. Болашақ кез келген адамның бүгінгі жасаған таңдауы арқылы айқындалады. Адамдардың дауыстары жинақталады, ал басым көпшіліктің дауысын иеленген кандидат немесе саяси партия елдің болашақтағы дамуын айқындайды. Сайлаудың маңыздылығы және сайлаудағы әрбір дауыстың маңыздылығы да, міне, осында. Демократиялық қоғамның кез келген саналы азаматы өзінің белсенді сайлау құқығын тек қана құқығы ретінде емес, міндетім деп қабылдауы қажет. Кімді сайлау керектігін айқындау үшін саяси сауатты болуы керек, айналамызда болып жатқан оқиғалардан, саяси партиялардың және олардың жетекшілерінің іс-әрекеттерінен, көзқарастарынан хабардар болу керек.

**Сайлау және сайлану
құқығы Қазақстан
Республикасы азаматының ең
басты саяси құқығы (ҚР
Конституциясы. 33-бап).
Сайлауға қатысу әркімнің ерік
білдіру бостандығы болып
табылады. Сонымен қатар
сайлауға қатысу кез келген
азаматтың азаматтық борышы.**



**19 наурызда сайлауға бар, сенің даусын 98% емес.
Дұрыс таңдау жаса**